

Солтанаева Е.М.
Әбіш Кекілбаевтың «Абылай хан» шығармасындағы драматизм табиғаты

Мақалада Әбіш Кекілбаевтың «Абылай хан» драмасындағы драматизм табиғаты Абылай образының драматизмі арқылы қарастырылады. Талдау драмадағы тартыс табиғатын синергетика заңдылықтары негізінде саралауға негізделген. Ол сезім мен сана, ерік пен елігу, құштарлық пен парыз, тақ пен ар арасында өрбіген Абылайдың ішкі драмалық тартысынан көрінген. Тарихи тұлғаның ішкі драмасы осылайша табиғи көрініс тапқан. Драматизм болмысы әдебиеттанушылық тұрғыдан «тұрақтылық пен тұрақсыздық принципі» негізінде айқындалған. Ал қоғамда болып жатқан аумалы-төкпелі құбылыстардың күрт өзгеруінен, тұрақты және тұрақсыз жағдаяттардың алма-кезек ауысуынан Абылай мен Шарыш арасындағы сайыстан, Абылай және Ботакан мен Жақай арасындағы даудан, Абылай мен Топыш, Абылай мен Әмір Сана арасындағы қатынастардан сыртқы тартыс үдей түскен. Тұрақтылық пен өзгермелік арасындағы сапалық өзгерістердің драма табиғатына әсері қадағаланған. Осылайша, тәртіп параметрлері арқылы драматизмнің туындау табиғаты түсіндірілген. Хандық, елдік принциптерін бірінші орынға қойған хан образының жасалу ерекшелігіне көңіл аударылған.

Түйін сөздер: драматизм, тартыс, синергетика, тұрақтылық пен тұрақсыздық принципі, хандық, елдік.

Soltanaeva E.M.
The essence of dramatism in the work «Abylai khan» by A. Kekilbaev

This article is devoted to the analysis of dramatism in the drama of the image of Abylai khan in A. Kekilbaev's «Abylai khan». The literary analysis of the nature of the dramatic conflict is carried out on the basis of the laws of synergy. The internal dramatic conflict of the protagonist is revealed through a dramatic contradiction between feeling and consciousness, between the will and inclination, between passion and duty, between authority and conscience. This principle is clearly visible in the example of external conflict. Sharp qualitative fluctuations between stable and unstable situations aggravate the conflict. So, with the help of the order parameter the development of dramatism is analyzed.

The essence of drama is revealed on the basis of the «principle of stability and instability». Particular attention is paid to the specifics of creating an image of the hero who put the interests of the Khanate and unity above his own.

Key words: drama, conflict, synergy, the principle of stability and instability, Khanate, unity.

Солтанаева Е.М.
Сущность драматизма в произведении А. Кекилбаева «Абылайхан»

Данная статья посвящена анализу драматизма образа Абылайхана в драме Абиша Кекилбаева «Абылайхан». Литературный анализ природы драматического конфликта осуществлен на основе закономерностей синергетики. Внутренний драматический конфликт главного героя раскрывается посредством драматического противоречия между чувством и рассудком, между волей и влечением, между страстью и долгом, между властью и совестью. Суть драматизма выявляется на основе «принципа устойчивости и неустойчивости». Этот принцип наглядно виден на примере внешнего конфликта в борьбе между Абылаем и Шарышом, в споре между Абылаем и Ботаканом, в отношениях между Абылаем и Топышем, Абылаем и Амир Саной. Резкие качественные колебания между устойчивыми и неустойчивыми ситуациями обостряют конфликт. Так, с помощью параметра порядка анализируется создание драматизма. Особое внимание уделяется особенностям создания образа главного героя, который ставил интересы ханства и единства выше своих собственных.

Ключевые слова: драматизм, конфликт, синергетика, принцип устойчивости и неустойчивости, ханство, единство.

**ӘБІШ КЕКІЛБАЕВТЫҢ
«АБЫЛАЙ ХАН»
ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ
ДРАМАТИЗМ
ТАБИҒАТЫ**

Кеңестік кезеңнің өзінде шығармаларының астарын ұлттық идеямен, тарихи жадымен әдіптеп, бүгінгі тәуелсіздіктің тұғырын дайындаған жазушылардың бірі – Ә. Кекілбаев.

Ә. Кекілбаевтың 1997 жылы жарық көрген «Абылай хан» драмасы енді тәуелсіз мемлекеттегі қоғамның рухани-эстетикалық сұранысынан туындаған.

Суреткер өз шығармасы үшін драма жанрын таңдаған. Кезінде классицистер ел бастаған ерлердің саясатын тек драма ғана шынайы көрсете алады, драма адамзат баласының шығармашылықта ойлап тапқан ең кемел формасы деп есептеп, оны «жоғарғы жанр» деп атаған. Классицистердің шығармашылық ұстанымында шындық бар. Рас, өршіл идеяны патриоттық пафоспен жырлау үшін прозалық жанр тарлық ететіндей.

Тарихты құрғақ сипаттау, көз тоқтатып, көңіл тояттар жарқын адами мінез-құлықсыз көрсету, оны дерексіздендіретіні белгілі. Қазақтың төл тарихы Абылай хан тұлғасымен жарқын. Ә.Кекілбаев «Үркер», «Елең-алаң» романдарын да Абылай бейнесімен әрлеген. Алайда роман мен драмада тақырыптық қайталау кездескенімен, мазмұндық қайталау жоқ. Ең бастысы драмадағы тартыс табиғаты, драматизм болмысы өзгеше. Драма қазақтың көкке өрлеген жыраулық поэзиясының өктем үнімен ғана емес, зәулім сезімдерді аспандата жырлауымен құнды.

Суреткер шығармаға Абылайдың жоңғар батыры Шарышпен соғысып, басын алуы, 1742 жылы Абылайдың жоңғарлардың қолына тұтқынға түсіп қалуы, үш жүзге ортақ хан сайлануы секілді тарихи деректерді негізге алған.

«Сайыс» аталатын бірінші бөлімінен-ақ Абылай образы оқырманды (көрерменді) өзіне ынтықтыра түседі. Алаңға шыққан Шарыш көкірегін ұрып:

Мен кәдімгі Шарышпын,
Азуы алты қарыспын.
Қарсы келген дұшпанды,
Табанға таптап жаныштым [1, 3] –

деп бастап, арғы ата-бабаларының ерліктерін қоса айтып аруақтанады. Жас батыр болса, сөздің емес, істің адамы екендігін дәлелдеп, Шарышты жеңіп, «Абылай» деп ұрандап, қол бастап кетеді.

Арбасу деп аталатын бөлімінде жазушы Әбілмансұрдың тұтқында отырған кезін суреттейді. Тіпті зынданда отырса да, батыр образы асқақ. Абылай жоңғар қонтайшысы Қалдан Сереннің ұйымдастырған барлық сынынан мүдірмей өтіп, тектілігін, ақылын танытады.

Қалдан:

«Тау сыртында тау тұрса – қайтеміз,
Жау сыртында жау тұрса – қайтеміз?» –

деп сұрайды. Сонда Абылай:

Жақын тауға шықпай болмайды,
Жақын жауды ұқпай болмайды [1, 3] –

деп жауап қатады. Осы бір диалог астарында үлкен саяси, философиялық мән жатыр. Қалдан да тек қырқысуды, оңай олжаны көздемейтін, елінің ертеңін ойлайтын жан ретінде суреттелген. Ол бауырын өлтірген Абылайдан кек алудың орнына басына азаттық беріп, онымен келісімге келуге тырысады.

Абылай ханның ерік-жігері мықты, өз сезімін шідерлеп ұстай алатын, намысын таптатпайтын нағыз батырлық образы драманың «Нар тәуекел» атты үшінші бөлімінен айқын көрінеді.

Абылай басындағы драманы үдету үшін жазушы Әмір Сана образын пайдаланады. Әмір Сана – тарихи тұлға. Тарихи деректер бойынша: «Әмір Сана – жоңғар нояны. Ойрат аксүйегінің тұқымы. Еділ қалмақтарының ханы Аюкенің қызы ұзатылып келе жатып, қазақ жерінде қыстап қалғанда қазақ батырымен көңіл қосып, ішінде кеткен деген әңгіме бар». Суреткер осы аңыз желісін өрбітіп, Әмір Сананы Абылайдың баласы етіп көрсетеді. Абылай басындағы драматизм осы тұста арта түседі. Әуел баста көңілі Күлпашқа ауып тұрса да, Абылай Қалданның жалғыз қызы Топышты таңдайды. Топыш – ойрат пен қазақ арасын жалғасытартын, бейбітшілік кілті. Сондықтан Абылай сезімін мен сана арасындағы тартыста, сезімін санасына бағындырады. Сана-сында «қайткенде ұйытқылды жұрт қылам бұл елді» деген маңызды ойлары бар. Мемлекет мүддесін жеке басының қалауынан жоғары қояды.

Жазушы шығарма драматизмін синергетика заңдылықтарына сай өрбіткен. Аталмыш құбылысты әдебиеттанушылық тұрғыдан «тұрақтылық пен тұрақсыздық принципі» негізінде бағалауға болады. «Адамдар ұзақ уақыт бойы тек тұрақты жағдайларды ғана бақылай алады. Себебі тұрақсыздық тез-ақ өзге күйге өтіп кетеді. Ал егер табиғатынан тұрақсыз жайлар ұзақ тұр-

са, онда ол ғажайыпқа немесе парадоксқа айналады. Мұнда тұрақсыздықты тұрақтандырып тұрған күш әдейі жасырынып яки айқындалмай, бүркеліп қалуы мүмкін» [2, 47] – дейді бұл принциптің мәні турасында әдебиеттанушы, ғалым Т.О. Есембеков. Яғни тұрақсыздық пен тұрақтылық арасындағы ауытқулар белгілі бір драмалық қатынастарды тудырады.

Абылайды жұрт хан сайлады, қолына билік берді. Алайда, өзі берген билігін жұрт өзі «хан талапайлап» тартып ала салуы ғажап емес. Абылай өз халқының психологиясын жақсы біледі. Ол:

«Несіне хан болдың, қаңғыбас төре,
Қалқима қалпақ киюге ме? [1, 7] –

деп жұрт шүйлігетінін де біледі. Яғни билік мұнда тұрақсыз. Суреткер осы құбылысты тұрақтандыру үшін келесі қақтығысты өрбітеді. Абылайдан пана тапқан Әмір Сананы Ресей, Жоңғар, Қытай елшілері іздеп, әрқайсысы өз мүдделері үшін сұратып жатыр. Ал Ботахан мен Жақай бастаған қазақтар болса, оны

«Өз қолымызға берсін,
Ойраттың қаһарын өзіміз қайтарамыз» [1, 7] –

дейді. Мұнымен қоймай Абылайды «Үргенішке сыймай қашып келген жалаңбұт сарт» деп келекелейді.

Бұл сөзді естіген Абылай сәл кідіріп ойланады. Енді не істеуі керек? Таразы басында билік пен ар тұр. Егер билікті көксесе, онда арды аяққа таптап Ботахан мен Жақайға жалпақтап, жағымпазданып, сөз тауып шығарып салу керек. Егер арды таңдап, намыстанса, онда Ботахан мен Жақайды жазаға тарту керек. Егер жазаласа, Ботаханның айтқаны болады, оның да артында ел бар, дау-дамай басталады, биліктен де айырылу қаупі бар.

Мейлі: айыпты десе, тағын алар,
Жазықты десе, жанын алар! –

деп, тақты арға айырбастамайды. Бүкіл бір елдің «мен мынау» деген батырының басын алған Абылай тек ұрыста ғана батыр емес, өмірдегі де батыл әрекеттерге барады. Ботақанды кісендеп, зынданға тастайды, Жақайды атқа өңгеріп, еліне қайтарады.

Бұл жайт қазақтай асау елде дау туғызбай қоймайды. Жақсы мен жайсаң сөз алған жиынның түйінін 93 жастағы Бұқар жырау шешеді. Абыз алдымен Абылайдың өзін сөгіп алып, содан кейін елге ақыл айтады.

Хан ұстасаң билік бер.
Киліге берме аузына,
Шүйліге берме алдында,
Томағасын сыпырмай,
Сұңқарынды қинама.
Тұсаулы шауып бәйге ал деп,
Тұлпарынды қинама,
Аяқ-қолына ерік бер.
Кеудесіне желік бер,
Сынамақ болсаң, еріңді
Қиын жерде сеніп көр [1, 7], –

дейді. Бұқар шешімі хан билігін тұрақтандырып береді.

Енді ел сенімін арқалаған хан Әмір Сананы қанша жақсы көріп, ұнатса да, оған пана бола алмағанын, сая бола алмағанын ойлап қынжылады. Дегенмен елдік парызды бірінші орынға қойып, Әмір Сананы орыс елшілеріне береді. Тағы да хан өз қалауынан ел алдындағы парызды жоғары қояды.

Сезім мен сана, ерік пен елігу, құштарлық пен парыз, тақ пен ар арасында өрбіген Абылайдың ішкі драмалық тартысында жеңіс әрқашан парыз, жігер, сана, ар жағында болады. Мұндай ізгі қасиеттерді өз бойына жинақтаған, хандық, елдік принциптерін бірінші орынға қойған хан образы осымен асқақ.

Әдебиеттер

- 1 Кекілбаев Ә. Абылай хан // Егемен Қазақстан. – 1997. – №102. – Б. 3-7.
- 2 Есембеков Т.У. Функции драматизма в художественном тексте. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 304 с.

References

- 1 Kekilbaev A'. Abi'lay han // Egemen Qazaqstan. – 1997. – №102. – B. 3-7.
- 2 Esembekov T.W. Fwnkci'i' dramati'zma v hwojestvennom tekste. – Almati': Qazaq wni'versi'teti, 2013. – 304 s.